



Бейімбет Майлин ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 90 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 9 сәуірде № 10173-10 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабына сәйкес аудан мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бейімбет Майлин ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі, осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Мәслихаттың кейбір шешімдері осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бейімбет Майлин аудан мәслихатының төрағасы

Д. Мартин

Мәслихаттың

2024 жылғы 28 наурыздағы

№ 90 шешіміне

1-қосымша

Бейімбет Майлин ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Бейімбет Майлин ауданында тұратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжайы ретінде меншік құқығындағы тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының тұрғын үй көмегін есептеуге енгізілген шығыстары жоғарыда аталған бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырылады.

3. Көрсетілетін қызметті алушының жиынтық кірісін көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығымен айқындалған тәртіппен есептейді (Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2023 жылғы 12 желтоқсандағы тізілімінде № 33763 болып тіркелген).

4. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдалануға жұмсалатын шығыстарының шекті жол берілетін деңгейі мен нормалары аз қамтылған отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының арасындағы жергілікті өкілді орган белгілеген айырма ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде бір адамға 15 (он бес) шаршы метрден кем емес және 18 (он сегіз) шаршы метрден артық емес, бірақ бір бөлмелі пәтерден немесе жатақханадағы бөлмеден кем емес аудан нормасы қабылданады.

5. Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхатқа, заңнамаға, сот шешіміне немесе әкімшілік актісіне негізделген өкілеттік бойынша оның өкілі) тоқсанына бір рет "Азаматтарға арналған Үкімет" (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына тұрғын үй көмегін тағайындау үшін жүгінеді немесе Ережеге сәйкес "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

"Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 29.01.2025 № 142 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Тұрғын үй көмегі көрсетілетін қызметті алушыға кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде шығыстар сметасына сәйкес кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шоттары бойынша жеткізушілер ұсынған ай сайынғы жарналар туралы шоттарға бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

8. Тұрғын үй көмегін тағайындау көрсетілетін қызметті алушыларға кондоминиум тиісті қаржы жылына арналған аудан бюджетінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушыларға тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган есептелген сомаларды тұрғын үй көмегін алушылардың немесе қызмет көрсетушілердің жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы аудару жолымен жүзеге асырады.

Тұрғын үй көмегінің негізсіз алынған сомаларын алушы өз еркімен, ал бас тартқан жағдайда заңда белгіленген тәртіппен қайтаруға жатады.

Мәслихаттың
2024 жылғы 28 наурыздағы
№ 90 шешіміне
2-қосымша

Аудан мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1) Мәслихаттың "Бейімбет Майлин ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2015 жылғы 20 наурыздағы № 263 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5510 болып тіркелген) шешімі;

2) Мәслихаттың "Мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 263 "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 23 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6372 болып тіркелген) шешімі;

3) Мәслихаттың "Мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 263 "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" 2019 жылғы 7 ақпандағы № 251 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8252 болып тіркелген) шешімі;

4) Мәслихаттың "Мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 263 "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" 2019 жылғы 23 қыркүйектегі № 312 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8677 болып тіркелген) шешімі;

5) Мәслихаттың "Мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 263 "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" 2020 жылғы 15 мамырдағы № 384 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9199 болып тіркелген) шешімі;

6) Мәслихаттың "Мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 263 "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" 2021 жылғы 12 қарашадағы № 59 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25450 болып тіркелген) шешімі;

7) Мәслихаттың "Мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 263 "Бейімбет Майлин ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2022 жылғы 27 маусымдағы № 131 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28640 болып тіркелген) шешімі;

8) Мәслихаттың "Мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 263 "Бейімбет Майлин ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2022 жылғы 5 мамырдағы № 20 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10008 болып тіркелген) шешімі.